

МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №1 бөбекжайы»



Бекітемін:
№1 бөбекжай директор А.А Олешко

Ата-анамен жұмыс


Мақсаты: ата-аналардың педагогикалық, психологиялық мәдениетін көтеру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, психологиялық кеңес беру.

№	Жұмыстың бағыты, қызмет мазмұны	Жұмыстың түрі, әдісі	Контингенті	Орындау мерзімі
1	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	Кеңес	Тәрбиешілер, ата-аналар	Қазан
2	Жеке кеңес беру	Жеке кеңес беру	Ата-аналар	Сұраным бойынша
3	«Балаңыз ақылды, өз-өзіне сенімді болсын десеңіз....»	Кеңес	Ата-аналар	Қараша
4	«Бала тәрбиесіне қатысты 14 кеңес»	Қабырға ақпарат	Ата-аналар	Желтоқсан
5	«Балаңыз ашуланшақ болса..»	Кеңес	Ата-аналар	Наурыз
6	Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңестер	Жадныма	Ата-аналар	Сәуір

МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №1 бөбекжайы»

Бекітемін:

№1 бөбекжай директорының м.а С.М Нутманова



Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған кеңес тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Педагог-психолог: Ескалиева Г С

Ақсай 2022ж

Балабақшаға дайындық

Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы тәулігіне 24 сағат бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзі құралпылас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді. Қалай болғанда да, ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай.

Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махаббаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер «екінші ата-ана» әрі орта есеппен 15-25 балаға ортақ. Кез келген ана мұны жақсы түсінеді, әйтсе де баланы өмір бойы жаныңда ұстау мүмкін емес, өйткені ол өмірдің жаңа сатыларымен танысып, жаңа дағдылар, өмірлік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн.

Ата-аналарға бірнеше пайдалы кеңес.

- Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, онда қайта-қайта баруға ынтасы оянады, мұндайда алғашқы ресми күн де ол үшін мереке іспеттес болмақ.
- Бала жаңаша күн тәртібінен биологиялық тұрғыда қолайсыздық сезінбеуі үшін, бір ай бұрын оны ақырындап балабақшада болатын жаңа тәртіпке үйрете беріңіз. Бұл тамақтануға да қатысты.
- Баланың ұжымға жылдам сіңісуі үшін, оның қарым-қатынас жасауға бейімділікті дамытуына көмектесіңіз, ал бұл балалармен, сондай-ақ ересектермен араласу барысында ғана мүмкін болмақ. Реті келсе, балабақшаға бармай тұрып, болашақ топтастарымен және олардың ата-аналарымен танысқандарыңыз тіптен құптарлық жайт.
- Баланы міндетті түрде дербестікке дағдыландырыңыз, өз жасының деңгейінде өз-өзіне қарай алатын болсын.
- Балаға балабақшаның не үшін керек екенін, сәбилердің онда не үшін баратынын әңгімелеп беріңіз. Әкесі мен анасының жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратынын түсіндіріңіз.


- Анда-санда баламен бірге балабақша маңынан өтуге тырысыңыз, және оған дәл осы балабақшаға баратындарыңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз. Тобының қандай әсем болатынын, ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екенін, оның балалармен ойнайтынын айтыңыз.
- Осы қуанышты жаңалықты баланың көзінше достарыңызбен және жақындарыңызбен бөлісіңіз. Сәбиіңіздің балабақшаға қабылданғанына қуанып тұрғаныңызды айтыңыз. Сөйтіп, балабақшамен тезірек танысуға баланың өз құлшынысы артатындай етіп, оны жағымды арнаға бағыттаңыз.
- Балаға ондағы күн тәртібінің қандай болатынын, олардың немен айналысатынын айтыңыз, себебі бала жұмбақ жағдайларға аттанбауы тиіс және өзін не күтіп тұрғанын білуі керек.
- Баланың көзінше ешқашан балабақша туралы жағымсыз пікір айтпаңыз, және, ең бастысы, оны балабақшамен қорқытпаңыз. («тамағыңды ішпесең, балабақшаға жіберемін»; «мейлі, балабақшада сені тамақ жеуге жақсылап тұрып үйретеді» деген секілді).
- Баланы бастапқыда балабақшаға бірнеше сағатқа әкеліңіз де, кейіннен біртіндеп толық күнге жеткізіңіз. Мұндай біртіндеушілік қағидасы сәби үшін де, оның анасы үшін де анағұрлым жайлы болмақ.
- Баланы балабақшадан алып қайтарда міндетті түрде олардың немен айналысқанын, қандай тамақ ішкендерін сұраңыз, жетістіктері үшін мақтауды да ұмытпаңыз. Бала ата-анасы қасында болмаса да, оларға өз өмірінің қызықты екенін білуі тиіс.
- Баланы таңертең балабақшаға әкелген кезде жылдам қоштасып үйреніңіз, бұл істі көпке созбаған жөн, әйтпеген жағдайда бала сіздің абыржығаныңызды сезіп қояды да, сізден айырылғысы келмей қалады.
- Әрдайым қасында екеніңізді және мейлінше жақсы көретініңізді бала қашықта жүрсе де сезінуі үшін, оның қалтасына шағын ғана естелік зат салып беріңіз, бұл оның көңіліне медеу болады.
- Еш уақытта балаға көрінбей қашып кетуші болмаңыз, өйтетін болсаңыз, ол сізге сенбейтін болады. Қоштасудың өздеріңізге тән әдісін ойлап табыңыздар: беттен сүю немесе мұрындарыңыздың ұшын түйістіру секілді.
- Балабақшаға баруы үшін баланы ешқашан да ойыншықтармен «сатып алуға» тырыспаңыз. Өйтетін болсаңыз, тағы да балабақша туралы жағымсыз пікірін қалыптастырасыз.

- Балаңыз байбалам салған уақытта ешқашан оның ырқына жығылушы болмаңыз. Қайткен жағдайда да балабақшаға баратынын ұқтырыңыз, әйтпесе келесі жолы оның еркеліктерін көтеру сіз үшін қиынға соғатын болады.
- Әрине, әрбір бала өз алдына бір әлем, олардың әрқайсысының ыңғайын таба білу керек, алайда тек сүйіспеншілік, шыдамдылық және парасатты оң ықылас қана балабақшаға баруды сүйікті іске айналдыра алады

МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №1 бөбекжайы»

Бекітемін:

№1 бөбекжай директорының м.а С.М Нутманова



Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған кеңес тақырыбы: «Балаңыз ақылды, өз-өзіне сенімді болсын десеңіз....»

Педагог-психолог: Ескалиева Г С

Ақсай 2022ж

Бала тәрбиесі барысында оларды көптеген нәрседен сақтандырып, біршама дүниелерге тыйым салатынымыз өтірік емес. Бұл тыйымдар сіздің балаңыздың дамуы мен өсуіне кедергі екенін білесіз бе? Осы тыйым салу кейде шектен шығып та кетіп жатады. Біздің қазақ менталитетінде «Мынаны істеме, ұят болады», «Ондай сөз айтпа, ел не дейді?» деген тыйымдар баланың қиялына жиі тосқауыл қояды.

Баласы аспаз болуды армандаса «Аспаз дейді? Қай атаң аспаз болып еді? Сен заңгер боласың. «Соттың әкесімін» деп мақтанбаймын ба?» — деп, ұлына өз арманын арқалатып жіберетін ата-аналар да жоқ емес.

Қабілеті мен мүмкіндіктерін айқын байқау үшін балаға белгілі бір мөлшерде еркіндік керек. Жапон халқы бала бес жасқа толғанша оны еркін жіберіп, ешқандай нәрсеге тыйым салмайды.

Тек бес жастан кейін қатал тәртіпке көшіреді екен. Ал Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бес жасқа дейін тұрмақ, өз тәрбиесінде болған 10 жасар Әнас ибн Мәлік тапсырылған істі ұмытып, ойнап кеткенде бір рет те кейімегенін, ұрыспағанын көреміз.

Әрине, балаға тыйым керек. Бірақ оның белгілі бір шегі де болуы тиіс. Бұл мақаламызда біз балаға қандай істе тыйым салмау керектігіне тоқталып кетпекпіз.

Мына 12 істе балаға мүлде тыйым салмаңыз

Өз бетімен тамақтану. Әрине, қасықпен өзіңіз тамақтандырсаңыз жылдам әрі таза болады. Көп уақытыңыз да кетпейді, артынан тамақ жұққан киімдерді де жуып жүрмейсіз. Бірақ бұл әрекетіңізбен балаңыздың өз бетінше іс-қимыл жасауына кедергі болатыныңызды білесіз бе? Қасықты, ондағы тамақты құлатып алмай, аузына апара білу де кішкентай бала үшін үлкен өнер. Әрі ол сәбиіңізді шыдамдылыққа, жауапкершілікке үйретеді. Ертең балабақшаға бергенде де, бұл қылығы үшін тәрбиешілерден мақтау еститініңіз сөзсіз. Ата-анасына көмектесу. Көптеген ата-аналардың балаларына кішкентай кезінде “Ыдысты ұстама, шағып аласың!”, “Ары қарай тұр, үстіңе төгіледі”, “Тамақ пісіріп жатырмын, маған кедергі келтірмей мультфильм көрші” деген тыйымдарын жиі естиміз. Кейін, арада біраз уақыт өтіп, балалары есейгенде сөйткен аналардың құрбыларына: “Қызым – жалқау. Үйде ештеңе істемейді. Кешке дейін бөлмесінен шықпайды”, — деп шағым айтқанын көзіміз жиі көріп жүр. Сондықтан, сіз жұмыс жасап жатқанда жаныңызға балаңыз келсе, оны қууға асықпаңыз. Керісінше, үй жинап жүрсеңіз, қолына сыпыртқы беріп қойыңыз. Шкаф жөндеп жатсаңыз, жаныңызда балға ұстап тұрсын.

Кішкентай ұлыңыз қолыңыздағы пакетті көтермекке ұмтылса, жеңілдеуін ұстата салыңыз. Бастысы, балаңыз ұсынған көмектен бас тартпаңыз. Сізге көмектесу арқылы ол өзін үлкен әрі керекті сезінетін болады. Көптеген жақсы қасиеттер балаға кішкентайынан сіңетінін ұмытпаңыз.

Бояумен сурет салу. Балаңыздың сурет арқылы өз ойын сыртқа шығаруына тыйым салмаңыз. Бояу – шығармашылықтың бастауы. Ол баланың фантазиясын дамытады, ойлау жүйесін кеңейтеді, стрестен арылтады, жүйке жүйесін тыныштандырады. Кішкентайынан суретпен дос болған баланың өзін-өзі бағалауы да жоғары болады. Балаңызға әдемі бояу қарындаштар,

акварель алып беріңіз. Үстіне ескі футболка немесе фартук кигізіп, алдына сурет салуға арналған қағаздарды жайып тастаңыз. Кішкентайыңыз қалағанынша сурет салсын. Ал одан жалығып, қабырғаға сурет салуға көшсе, оның да шешімі бар. Үйдің қабырғаларына плакат немесе ватмандар жабыстырып тастаңыз. Сонда керегені жуып немесе әктеп жүрмейсіз. Бастысы – бала қиялына ерік беру.

Эмоциясын білдіру. Жүгіру, секіру, айқайлау, күлу, жылау, яғни бала болуға тыйым салмаңыз. Бала, сонысымен бала. Әрине, емханада, қонақта белгілі бір тәртіпке бағындырғаныңыз жөн. Бірақ үйде қалағанын істесін. Бойдағы толассыз энергенияны бірдеңе етіп шығару керек қой!

Турниктер мен спорт кешендерінен шектемеу. Балаңызды аулада ойнатып жүргенде “Онда шықпа, қауіпті” деп, турниктерден түсіріп алып, құмға алып қашудың қажеті жоқ. Керісінше, ата-ана оған қалай шығатынын, қалай түссе құламайтынын көрсетіп, қауіпсіздік шараларымен таныстыру керек. Сонда сіз жоқ кезде, турникке шығуға талпынған балаңыз құламайтын болады. Сумен ойнау. Әрине, балаңыз үйді көл жасауы мүмкін. Бірақ анда-мұнда сумен ойнауға да мүмкіндік беріп тұрыңыз. Рас, бастан-аяқ үсті-басы су болар. Бірақ сәбиіңіздің сол сәттегі көздерінен ұшқындаған бақыт оттары мен көтеріңкі көңіл-күйіне ештеңені айырбастамасыңыз анық.

Шалшықта секіру. Шалшықтың үстінен бір жүгіріп өтуге кішкентай бала тұрмақ, ересек адам да қызығады. Кейде балаңызға су өтпейтін етік кигізіп, жаңбырдан кейін жиналып қалған немесе суық күндері беті қатып тұрған шалшықтың үстінен қалағанынша жүгіріп өтуге рұқсатыңызды беріңіз. Жақсы эмоция – салауатты өмір кепілі.


Сынатын заттарды ұстау. Баланың барлығына тән қасиет, олар кез-келген жаңа нәрсені ұстап, зерттеп, тамақ болса, жеп көргісі келеді. Өзіңізге сыйланған ыдыс немесе статуэтканың балаңыз да ұстап көргісі келсе, беріңіз. Бірақ, берердің алдында бұл заттың өзіңізге қымбат екенін, байқап ұстау керектігін, құласа сынып қалатынын түсіндіру керек. Түсіндіргеніңізге қарамастан, қолынан түсіріп, сындырып алса, ұрсып, баланы шошытпаңыз. “Ештеңе етпейді” деп оны жұбатып, қалдықтарын бірге жинап алыңыз. Өз пікірін қалыптастыру. Балаңызға қай шалбармен қай жейденің сәйкес келетінін немесе ойыншықтарының қалай жиналуы керектігін әрине, сіз жақсырақ білесіз. Соған қарамастан, оның өз пікірін де тыңдап тұрыңыз. Пікірін айтып болған соң, неге олай ойлайтынын сұраңыз. Ал пікірі тіпті қиыс кетіп жатса, өз дәйектеріңізді келтіріп, солай істеуге шақырыңыз. Анда-санда балаңызбен де келісіп тұрған жөн.

Ыдыспен ойнау. Балаңыз келе жатса, ыдыстарды шкафтың арғы қуысына қарай жасырып, бәрін тыға жөнелудің қажеті жоқ. Қазан, кострюль, контейнерлерге бір уақыт ыдыс деп емес, баланың дамуына арналған зат деп қарап, ойнауға беріп тұрыңыз.

Жарық жағып ұйықтау. Үш-төрт жастағы балалар әдетте қараңғыда ұйықтауға қорқады. Анасының жанынан бөлек кетіп, жеке төсекке, басқа бөлмеге көшкен бала үшін түнде қорқу – қалыпты жағдай. Сондықтан светильник жоқ болса, жарықпен ұйықтауына рұқсат беріңіз.

Сұрақ қою. Өсіп келе жатқан бала сұрақ қойғыш келеді. Олар көп нәрсені білгісі келіп тұрады. Көптеген ата-аналар «Мазамды алмашы, жұмыстан шаршап келдім» немесе «Кейін жауап берейінші» деп баласының қызығушылығына немқұрайлы қарап жатады. Ал сұрақтарына жауап ала алмаған баланың білуге, үйренуге қызығушылығы төмендейді.

МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру
бөлімінің «Ақсай қаласының №1 бөбекжайы»



Бекітемін: _____
№1 бөбекжай директорының м.а С.М Нугманова

Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған кеңес тақырыбы: «Бала тәрбиесіне қатысты
14 кеңес»


Педагог-психолог: Ескалиева Г С

Ақсай 2022ж

Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.

МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №1 бөбекжайы»



Бекітемін:
№1 бөбекжай директоры С.М Нугманова

Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған кеңес тақырыбы: «Балаңыз ашулаңшақ болса»

Педагог-психолог: Ескалиева Г С

Ақсай 2023ж

Балалардың ашулануы бұл әр ата-ананың өміріндегі маңызды мәселе. Бала бәріне өте сабырлы және ешқашан ашуланбайтын кезде сирек кездеседі. Көбінесе балалардың ашулануы ата-ананың бақылауынан шығып, балаға және айналасындағыларға төгілуі мүмкін күшті эмоцияларды тудыруы мүмкін. Мұндай жарылыс балаға пайда әкелмейтіні анық, кейде тіпті баланы жарақаттауы мүмкін. Бұл мақала баланың ашулануына сабырлы түрде жауап беруге көмектеседі.

Ашулану дегеніміз не?

Ашуланған сәтте бала қатты сезімдерге, әдетте ашуланшақтық пен ренішке толы. Елестетіп көріңізші, сіз үлкен ақша жоғалттыңыз және сонымен бірге күшті эмоцияларды сезінесіз. Бірақ сіз баладан айырмашылығы, сіз бұл эмоцияларды басқара аласыз немесе олар айтқандай – өзіңізде ұстай аласыз, ал бала мұны істей алмайды. Балаға бұл сезімдерді басуға тырысқаннан гөрі өмір сүру пайдалы, және ол мұны қалай жасау керектігін білмейді.

Осылайша, ата-ана балаға бұл сезімдерді басуды талап еткеннен гөрі, оларға көмектесуге тырысқан дұрыс. Мұны қалай жасауға болатынын қарастырайық.

Сабырлы болуға тырысыңыз

Ешқандай апат болмайтынын түсіну сізге тыныштық сақтауға көмектеседі.

Бала бір нәрсеге қатты қанағаттанбайды, бұл мүлдем қарапайым, барлық адамдар бір нәрсеге қанағаттанбайды, ересектер бұл эмоцияларды басқаруды үйренді, ал бала Олай емес.

Мүмкін сіз баланың сізді ұстап тұрғанына немесе оның ашулануына байланысты өзіңізге қажетсіз көңіл бөлетіндігіңізге наразы болуыңыз мүмкін, бұл жағдайда Сіз бұл эмоцияларды дауыстап немесе өзіңізге айта аласыз, бұл олардың қызуын азайтуға көмектеседі.

Сондай-ақ, сіздің наразылығыңыздың қарқындылығын төмендету зейінді бір нәрсеге ауыстыруға көмектеседі, мысалы, сіз аяғыңызды созып, босаңсытып, оны бақылай аласыз. Немесе тыныс алуға шоғырлану-баяу тыныс алу-баяу дем шығару.

Айналадағы адамдар мұндай жағдайларға түсіністікпен қарайды, тіпті жиі көмектесуге тырысады, баланы тыныштандыруға тырысады немесе алаңдатады, кейде тіпті қорқытады – қазір полиция келеді - сізді алып кетеді. Кейде жиі және себепсіз ашуланшақтық ауыр психологиялық проблемаларды көрсетуі мүмкін, бұл жағдайда балалар психиатрына барған дұрыс.

Балаңызға оның сезімін түсінуге көмектесіңіз

Кішкентай балалар өз сезімдерін жақсы түсінбейді, ал жақсы ата – ананың міндеттерінің бірі-балаға оны үйрету. Сондықтан ашуланған сәтте баланың сезімін айту маңызды. Мысалы, " сіз қазір ашуландыңыз мен сізге ойыншық сатып алмадым "немесе"сіз бұл қыздың балмұздақ жегеніне ренжідіңіз, ал сіз жоқсыз". Балаға мұндай тәжірибелер біздің өміріміздің нормасы екендігі туралы хабарлама берген дұрыс. Барлық адамдар, тіпті қарапайым ұсақ-түйектерден де, наразы болуға бейім. Сондай-ақ, бұл тәжірибелер сізге тән

деп айтудың жақсы әдісі. Мысалы, "менде балмұздақ жоқ екеніне де ренжідім". "Мен жұмысқа бару үшін қайғырамын".

Балаңызға қалаған нәрсені беруге тырыспаңыз


Егер сіз ашулану кезінде балаға қалағанын беруге тырыссаңыз, онда бала мұны есте сақтайды және болашақта оны басқарады. Сондықтан, тіпті кәмпит сияқты кішкентай нәрселерде де баланың талаптарына бармағаныңыз жөн. Жақсы хабар сөздер болады - "Мен көремін сен кәмпиттің жоқтығына қатты ренжідің, бірақ біраз уақыттан кейін сен тынышталатынына сенімдімін".

Егер бала қазірдің өзінде ашуланшақтықпен манипуляция жасаса, онда сіз бұрын балаға қалағаныңызды бердіңіз және ол оны есіне алды. Бұл жағдайда бала жиі ашуланады және ашуланудың өзі күшейеді, өйткені ол саналы түрде оған пайдалы екенін түсінеді. Мұндай жүйені өзгерту үшін ата-анадан әдеттегі ашуланшақтыққа қарағанда көбірек күш қажет. Ата – ананың жақсы хабары - "сіз қалағаныңызша ашуланып, ренжітуіңіз мүмкін, Мен сізге бұл ойыншықты сатып алмаймын". Яғни, баланы ашулану арқылы ол қалағанын ала алмайтындығына сендіру маңызды. Бала бұған қарсы белсенді түрде күреседі, бірақ егер сіз өз ұстанымыңызды берік ұстанатын болсаңыз, онда бала оны өзгертуге тырысады.

МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №1 бөбекжайы»

Бекітемін:

№1 бөбекжай директоры С.М Нугманова



Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған кеңес тақырыбы: «Бала тәрбиесіне қажетті кеңестер»

Педагог-психолог: Ескалиева Г С

Ақсай 2023ж

Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңестер

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.

Есіңізде болсын, балаңыз – сіздің ең басты байлығыңыз.